

Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" Заң күші бар Жарлығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 10 шілдедегі N 280

Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Z952200_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат, N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

9-баптың 1-тармағында:

28) тармақшада "өсімдік пен шөптің" деген сөздердің алдынан "есірткі

және психотроптық заттары жоқ" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 43) тармақшамен толықтырылсын:

"43) есірткі, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымымен байланысты қызмет:

өзірлеу, өндіру, қайта өңдеу, тасымалдау, жөнелту, сатып алу, сақтау, бөлу, сату, пайдалану, жою;

құрамында есірткі және психотроптық заттар бар өсімдіктер мен шөптерді өсіру, жинау, дайындау."

Қазақстан Республикасының
Президенті

оқығандар:

Багарова Ж.

Икебаева А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК